**Алакөл ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Б.Айтахметовке**

**Бөлімнің бас маманы Б.Сыдыковтан**

**Қызметтік жазба**

Қызметтік қажеттілікке байланысты жастар арасында ұлттық спортты дамыту қазақ күресінен «Алакөл барысы - 2026» аудандық турнирін ұйымдастыру және өткізу үшін мемлекеттік сатып алу қажеттілігіне және бәсекелестік ортада сатып алу процестерінің жүргізуге уақыттың тапшылығына байланысты сізден «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабы, 3-тармағының 2-тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алуды өткізуге рұқсат сұраймын.

2022 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың,

ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде жастар арасында қазақ күресінен «Алакөл барысы - 2026» аудандық турнирін ұйымдастыру және өткізу үшін орындарды безендіру, банерлерді, дипломдарды басып шығару, күрес алаңдарын даярлау үшін мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

16-б., 3-т., 28) тарм. бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу нысанасы: 35 шаршы метр билборд, 3 дана диплом басып шығарылады, 3 дана А4 рамка, төрешілер мен қатысушыларға 0,5 литр су 30 дана сатып алу, төрешілерге жалақы төлеу, 196 шаршы метр күрес алаңын дайындау қызметтері көрсетіледі. Көрсетілетін қызметтер: 210 000 теңгені құрайды.

**Қолы** _____